

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 26 мамырдағы N 3531. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығын орындау үшін қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 410-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

1) "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі" деген сөздер:

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

3) "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Мына актілердің күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанынан Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 22 қаңтардағы N 583 Жарлығы;

"Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1220 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 19, 225-құжат);

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы" Жарлығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1161 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 18, 178-құжат);

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2068 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 9, 96-құжат);

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 наурыздағы N 2137 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 11, 132 - құжат);

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2284 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 198-құжат);

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 2774 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 1, 1-құжат);

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығының 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-құжат);

"Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 2983 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19, 160 - құжат);

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қыркүйектегі N 3113 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 339-құжат);

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Үкіметтің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті